

• активная работа по привлечению грантов – казахстанских и международных и др.

Мақалада зерттеу университеттерінің педагогикалық кадрларды дайындаудың әлемдік тәжірибесі сипатталған, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті педагогика кафедрасының тәжірибесі айқындалған, сонымен қатар, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің зерттеу

университетіне трансформациялау жағдайында кафедраның даму болашағы көрсетілген.

The paper presents a global experience of teachers training in research universities, reveals the experience of the Department of Pedagogy of Al-Farabi Kazakh National University, as well as the prospects of faculty development in process of transformation from Al-Farabi KNU to the Research University

Н.С.Әлқожаева,

*педагогика ғылымдарының кандидаты,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң*

жалпы және этникалық педагогика кафедрасының доценті

САБАҚТАСТЫҒЫ ЖАРАСҚАН ОРТА

Педагогика адамзат тәрбиесі туралы ғылым болса, педагогтар сол адамдарды тәрбиелейтін кәсіби мамандар. Маман даярлау мәселесі қашанда өзекті, жауапты мәселелердің бірі. Әсіресе, адам тағдырына ықпал ететін мамандарды даярлап шығару аса күрделі де жауапты іс. Адам дүниеге есік ашқан кезеңде алдымен дәрігерлермен кездеседі, оның денінің саулығы сол кезден бастап дәрігерлерге жүктеледі. Егер, дәрігер өзінің білімсіздігінен дұрыс диагноз қоя алмаса, адамның өміріне қауіп төнеді, ал мұғалім бала тәрбиесіне дұрыс «диагноз» қоя алмаса, адам тағдырына қауіп төнуі мүмкін. Міне, сондықтан да дәрігер мен мұғалім адам өмірі, тағдырымен тікелей байланысты, осы тұрғыдан алсақ-та менің ойымша бұл мамандықтарға түлектерді қабылдау тек бір қажетті пәндер бойынша тест тапсырумен шектелменегі дұрыс. Олар алдын ала сұрыпталып, олардың осы мамандықтарға бейімділігі айқындалғаннан кейін тест тапсыруға жіберілгені дұрыс. Әрине, бүгінгі таңда мұғалім мамандығын таңдаушылар аз да болуы мүмкін, дегенмен де бұл салада тек сапалы мамандар даярланғаны абзал. Бұл дегеніміз басқа мамандықтардың маңыздылығы төмен деген сөз емес, дәрігерлер мен мұғалімдердің адам өміріндегі маңызын

көрсету. Кез-келген адам дәрігер мен мұғалімнің алдынан міндетті түрде өтеді. Қоғам сапалы білім негізінде дамиды, ал сапалы білімді, тек сапалы мамандар ғана бере алады. Мұғалім алғашқы кезден бастап құзырлы және кәсіби тұрғыда жұмыс жасауы керек: ол оқыту, тәрбиелеу, дамыту үдерістері. Яғни, әрқашан жоғары мәдениет принциптері негізінде оқушылармен өзара қарым-қатынас орнатуды көздейді.

Мұғалімнің кәсіби мәдениетінің маңызды шарты оның қарым-қатынас шебері болу қабілеті жатады. Қарым-қатынас өнерін игермеген жағдайда, өзінің жақсы жақтарын, қасиеттерін тиімді көрсете алмауы мұғалімнің түсінікті және жеңіл түрде түсіндіру, мұқият тындау, талапты түрде кеңес беруде қиындық тудырады. Мұғалімнің кәсіби қарым-қатынасында кездесетін және бір-бірімен өте тығыз байланысты екі қағида бар:

Біріншіден, қарым-қатынастың жалпы қағидалары. Бұлар қоғамдық құрылыстың өзінде қалыптасқан әрі оқытушының педагогикалық іс-әрекетінде, оқыту мен тәрбиелеудің бірыңғай мақсаттары мен міндеттерінде жүзеге асатын, өткеннен мұра болып келе жатқан құндылықтар.

Екіншіден, қарым-қатынастың жеке дара қағидалары және оның стилі – яғни

оқытушының өзінде бар білімдері мен кәсіби тәжірибелері, қабілеттері мен іскерліктері негізінде оқыту мен тәрбиелеудің белгілі бір жағдайлары мен мүмкіндіктеріне байланысты өзінің іс-әрекетінде қолданатын нақты тәсілдер мен құралдардың жиынтығы.

Оқытушының іс-әрекет мазмұнындағы белгілі-бір қасиеттердің болмауы кәсібилікке, кәсіби қарым-қатынастың даму деңгейіне кері әсер етеді. Мұғалім қарым-қатынасының кәсіби мәдениеттілігіне – оқытушылық қабілеттерді, сондай-ақ басқа адамдармен өзара байланыс орната алу іскерлігін жатқызуға болады. Яғни, педагогикалық іс-әрекетпен қойылған нақты оқыту мен тәрбиелеудің міндеттерін шешу барысындағы ойларды, сезімдерді, ақпараттарды түсіну, қабылдай алу, меңгеру секілді әлеуметтік мәнді көрсеткіш болып табылады.

Оқытушының кәсіби қарым-қатынас мәдениеттілігі жоқтан пайда болмайды, ол белгілі бір педагогикалық іс-әрекеттік жағдайда қалыптасады, сол себептен оның маңызды құрамдас бөлігі, әрі құралы болып табылады.

Оқытушының кәсіби қарым-қатынас мәдениеттілігі – бейімделу дәрежесімен, деңгейімен анықталады. Мысалы, педагогтың бірден-бір іскерлігі қарапайым, жақсы, түсінікті, жүйелі түрде күнделікті ақпаратты жеткізе алуы – оқытушының кәсіби мәдениеттілігінің маңызды факторы болып табылады.

Мұғалімнің кәсібилігі – қарым-қатынас барысында өз оқушыларының мүмкіндіктерін өлшеп, бұрынғы тәжірибелерімен салыстырады, қарым-қатынастың барлық түрінде бұлар осы үдерістің бағыттаушы жағы ретінде жетекші сипатта болады, мұғалімнің әрбір сөзі, көзқарасы, қимыл-қозғалысы, оқушыға назары – барлығы да жоғары мәдениетті адамды тәрбиелеу міндетін көздеуі тиіс.

Әрине, мұндай тұлғаны қалыптастыру үшін адамның өзі де кәсіби және жалпы адамзаттық мәдениеттілікті жоғары деңгейде меңгеруі тиіс. Мұның барлығы да оқытушыға кәсіби қарым-қатынастың

субъектісі ретінде көптеген міндеттерді жүктейді. Мұғалімнің кәсіби және тұлғалық сапаларын өзгермейтін, тұрақты деп қарастыруға болмайды, себебі өмірде болып жатқан барлық өзгерістер оқытушыға да жаңа талаптар қойып, кәсіби қарым-қатынас стиліне де жаңалықтар енгізуде. Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық прогресс, қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы әлеуметтік өзгерістер динамикасы – оқытушыдан өзі оқытатын пәні бойынша білімдерін жетілдіруді, тәжірибе мен ғылымның көптеген салаларында жан-жақты эрудицияны, әр түрлі іскерліктер мен дағдыларды меңгеруді талап етуде. Кәсіби іс-әрекет оқытушыдан такт пен икемділік, өзіндік тәртіппен үйлескен шыдамдылықты, қайсарлықты, жүйелілікті, талап қойғыштықты талап етеді. Оқытушыға ерекше адамгершілік пен психологиялық сапалар қажет. Олар: балаларға деген мейірімділік пен сүйіспеншілік, ар-ұят пен өзінің күнделікті еңбегін орындау барысындағы беделділік.

Қазіргі таңда педагогтардың барлығы дерлік өздерінің функцияларын толықтай атқарып жүрмегені кімге болса да мәлім. Тіпті сөзі мен ісі бір-біріне қарама-қайшы мамандарды да көруге болады. Қазақ халқының молданың айтқанын жаса, ал жасағанын жасама дегені де осы болар. Олай дейтінім, жастарға ілім-білім үйретудің орнына, жай сөздермен уақыт өткізіп, ұрпақ тәрбиесіне кері ықпал еткендерді тәжірибе барысында көріпте жүрміз. Әрине бұл көпке топырақ шашу емес, мен университеттің жалпы және этникалық педагогика кафедрасында көп жылдар қызмет еткен, өздерінің білімдерімен екі тілде, әсіресе ана тілінде жастарды сусындатқан, суда жүзген балықтай өз кәсібінде жүзген шын мәніндегі тұлғаларға тоқталғым келеді. Оның бірі Х.Қ.Арғынов ол өзінің өмірінде барлығына тең қарап, қол ұшын беруден шаршамаған. Бүгінде ол кісіні тек жақсы ниеттермен еске алады. Хасен Қуандықұлы туралы сұрасаң ешкімнің ренішін байқамайсың. Келесі бір тұлға Мешітбаев Т.М. – ол халық мұғалімі. Кезінде біздерге сабақ бергенде педагог, мұғалім статусы, мәртебесі туралы аса

көтеріңкі сезіммен айтатын. Айтқан тұжырымдары, дәріс мазмұны анық, нық шығатын. Сонымен қатар, үнемі адамгершілік қасиетін жоғалтып алмаңдар, онда өздеріңді де жоғалтқандарың дейтін. Ерғали Бейсебайұлы Дайрабаев туралы тіпті де көп айтуға болады, ол өзінің өмірінің соңына дейін кафедрада қызмет етті. Ол шебер оқытушы, білімді маман, шешен дәріскер, сонымен қатар жанындағыларға қамқоршы болып, өз білгенін үйретуден жалықпаған адами қасиеттері мол тұлға. Оның әрбір еңбегінің өзіндік құндылығы жоғары.

Ал Гүлнас Кенжетайқызы Ахметованың педагогика ғылымына қосқан үлесі ерекше, ол университетте «Педагогика» мамандығы бойынша магистратура бөлімін ашудың негізін қалады. Сонымен қатар ҚР БЖҒ министрлігінің бекітуімен бакалавриат және магистратура студенттеріне арналған «Педагогика» оқулығын жазуға алғы шарт даярлап, авторлардың бірі болды. Халықаралық, республикалық жобаларға жетекшілік етуде.

Кафедрада он алты жыл студенттердің ғылыми зерттеу жұмысына жетекшілік еткен білікті маман, доцент қызметін атқарған Сәуле Дүйсебайқызы Есенжолова туралы да көп айтуға болады. Ол студенттерді пәндік олимпиадаларға даярлап, оның студенттері жүлделі орындарға ие болған. Сәуле Дүйсебайқызының студенттері ол кісімен үнемі мақтанады. Ол этнопедагогика және этнопсихология орталығының белді мүшесі. Этнопедагогика пәнін аса қызығушылықпен оқитын, пән бойынша ОӘК құрастырған.

Кафедраның дамуына үлес қосқан педагог ғалым Жамал Рақымқызы Баширова ол кафедрада көп жылдар бойы әдістемелік бюроның төрайымы болды, алғашқы типтік бағдарламалар (Жоғары мектеп педагогикасы, Педагогикалық шеберлік, Салыстырмалы педагогика, Қарым-қатынас педагогикасы және т.б.)

мен оқу жұмыс бағдарламаларын түзуге атсалысты.

Жамал Рахимовна көптеген шәкірт даярлап, мектебін құрды бүгінде бес кандидат (Әлқожаева Н.С., Төлешова Ү.Б., Өтебаева А.Т., Тойбаев Ә.Ж., Қашқынбаева З.), жиырма магистр даярлап шықты. Шәкірттерінің барлығы дерлік білім беру саласында қызмет етеді.

Шәкірттері өзінің ұстазымен мақтанса, Жамал Рақымқызы шәкірттерімен мақтанады. Оның ұстаздығының шеберлігін, шәкірттерінің басым көпшілігінің білім беру саласында қызмет етіп, оқытушы жұмысын атқарып жүргендігі де дәлелдейді. Мысалы, Н.С. Әлқожаева, Ү.Б.Төлешова әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-н жалпы және этникалық педагогика кафедрасында доцент Нұрсұлу Сейткерімқызы әдістемелік бюроның төрайымы, Үлмекен Болат қызы аға эдвайзер, тәрбие секторына жауап, ал Ә.Ж.Тойбаев осы университеттің Академиялық мәселелер департаментінің әдістемелік бөлім бастығы қызметімен, кафедраның аға оқытушылық міндетін бірге алып жүр, А.Т. Өтебаева Шымкент қаласының жоғарғы оқу орындарының бірінде аға оқытушы болса, З. Қашқынбаева ТарПИ-н педагогика кафедрасында оқытушылық қызметті атқаруда. Осылайша, бүгінгі таңда кафедра сабақтастығы жарасқан ортаға айналуда және бұл сабақтастық жалғасын табатыны анық.

Статья посвящена проблемам преемственности на кафедре общей и этнической педагогики. Автор раскрывает тенденции развития традиций кафедры, отмечая заслуги выдающихся деятелей и ученых кафедры.

The article deals with the problems of continuity in the department of general and ethnic pedagogy. The author reveals the trends of the traditions of the department, noting the achievements of outstanding leaders and scholars of the department.